

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 243 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Елорда" баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауының (бұдан әрі - Жолдау) мамандандырылған басылымын және оны түсіндіру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдарды шығару жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне Жолдаудың мамандандырылған басылымын және оны түсіндіру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдарды шығару жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 35150000 (отыз бес миллион бір жүз елу мың) теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын, сондай-ақ Заңның 21-бабы 3, 4-тармақтарының орындалуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК